

## Шығыс Қазақстан облысының Бородулиха ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 94 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 19/226-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 мамырда № 5633 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 3, 8, және 11-баптарына сәйкес, "Бородулиха ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына өзгерістер енгізу туралы" бірлескен Бородулиха аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 17-8 шешімі мен Бородулиха ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 234 қаулысының негізінде, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шығыс Қазақстан облысының Бородулиха ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) мынадай елді мекендер таратылсын және есепті деректерден шығарылсын және басқа қоныстар санатына жатқызылсын:

Андреевка ауылдық округінің Петроградское ауылы, Белағаш ауылдық округінің Өмірзак ауылы, Құнарлы ауылдық округінің Мурзово ауылы, Алексеевка ауылы, Ново-Васильевка ауылы, Петропавловка ауылдық округінің Воскресеновка ауылы, Степной ауылдық округінің Троицкое ауылы, Таврия ауылдық округінің Кондратьевка ауылы, Богомолово ауылы, Новошульба ауылдық округінің Потапенково ауылы, Ключики ауылы, Красный Яр ауылдық округінің Девятка ауылы.

2) таратылатын ауылдардың аумақтары:

Петроградское қонысы шекаралары өзгертіле отырып, Андреевка ауылдық округінің Михайличенково ауылының құрамына;

Умурзак қонысы шекаралары өзгертіле отырып, Белағаш ауылдық округінің Зенковка ауылының құрамына;

Мурзово қонысы шекаралары өзгертіле отырып, Құнарлы ауылдық округінің Песчанка ауылының құрамына;

Алексеевка қонысы, Ново-Васильевка қонысы шекаралары өзгертіле отырып, Құнарлы ауылдық округінің 2 Пятилетка ауылдының құрамына;

Воскресеновка қонысы шекаралары өзгертіле отырып, Петропавловка ауылдық округінің Петропавловка ауылдының құрамына;

Троицкое қонысы шекаралары өзгертіле отырып, Степной ауылдық округінің Шелехово ауылдының құрамына;

Кондратьевка қонысы, Богомолово қонысы шекаралары өзгертіле отырып, Таврия ауылдық округінің Буркотово ауылдының құрамына;

Потапенко қонысы шекаралары өзгертіле отырып, Новошульба ауылдық округінің Новая Шульба ауылдының құрамына;

Ключики қонысы шекаралары өзгертіле отырып, Новошульба ауылдық округінің Солоновка ауылдының құрамына;

Девятка қонысы шекаралары өзгертіле отырып, Красный Яр ауылдық округінің Уба-Форпост ауылдының құрамына енгізілсін.

2. Осы бірлескен шешім және қаулы олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы, облыстық мәслихат хатшысы  
Облыс әкімі*

*B. Головатюк  
Д. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК